

«Келісемін»  
Ақтөбе облыстық білім басқармасының  
басшысы *Ж.Н. Батырхан*  
« 21 » 2021ж

«Келісемін»  
Байғанин ауданының білім бөлімінің  
басшысы *Р.А. Хайырмұқанбетов*  
« 21 » 2021ж

«Бекітемін»  
Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің  
директоры *Ф.Казиева*  
« 21 » 2021ж

«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2021- 2022 оқу жылындағы  
оқу жұмыс жоспары

## Түсінік хат

Қ. Жазықов атындағы орта мектебінің білім мекемесінде оқу жоспары білім беру ұйымы қызметінің ұқықтық-нормативтік базасына негізделіп отырып әзірленді.

### **2021-2022 оқу жылындағы нормативтік құжаттар болып табылады:**

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық)

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық)

### **Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша арқылы үлгілік оқу жоспары құрылды.

### **1-4-сыныптарда білім беру процесі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 1-қосымшамен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасымен өзгерістер енгізіліп Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары құрылды.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «**Цифрлық сауаттылық**» болып өзгертілді. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген №496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).

**«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі.** 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2021-2022 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап оқытылады.

### **5-9 -сыныптарда білім беру процесі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымшамен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымшасымен өзгерістер енгізіліп негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары құрылды.

### **10-11 сыныптарда білім беру процесі**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымшамен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасымен өзгерістер енгізіліп жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары құрылды.

2021-2022 оқу жылында Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған (2021 жылғы 13 мамырдағы № 5 хаттама). Әдістемелік ұсынысқа хатты негізге ала отырып, мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курстары таңдап алынды.

11-2022 оқу жылының ұзақтығы: мектепалды сыныптарда – 33 апта, 1-сыныптарда – 33 апта, 2- (12)-сыныптарда – 34 апта.

5-сыныппен 11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзіреттіліктер» таңдау курсы немесе басқа курстарды енгізу-Вариативті компоненттен 6-сыныпта білім алушыларды экологияның негізгі ұғымдарымен таныстыру, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа вариативті, ұқыпты қарауға үйрету үшін 1сағат «Экология» курсына, 8-сыныпта білім алушыларды паратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйрету үшін 1сағат «Медиасауаттылық» курсына, 9-сынып үшін оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде ақпараттық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағыттау үшін «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына оқытуға 1 сағат, 10-11 сыныптарға білім алушыларға кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйрету, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім беру, қазіргі тақырыптық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгерту үшін «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсына 1-1сағат апталық жүктеме берілді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы тарих немесе біліктілікті арттыру және қайта бағдарлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімі, «Экология» курсы биология пәні мұғалімі, «Медиасауаттылық» курсы қазақ тілі пәні мұғалімі жүргізеді.

5-8-сыныптарда «**Жол жүру ережелері**» аталған оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде тақырыбы мен күні көрсетіле отырып, әр сыныпта 10 сағат көлемінде өткізіледі.

«**Өмір қауіпсіздігінің негіздері**» оқу курсы оқу міндетті болып табылады. Осыған сәйкес 5-9-сыныптарда 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен және асырылады; «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта алғашқы әскери дайындық оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен және асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дене шынықтыру» және «Алғашқы әскери технологиялық дайындық» пәндерімен байланыстыру қарастырылады.

Қоғамдық танымды жаңғыртуды жүзеге асыру аясында мектеп бағдарламасына жалпы білім беретін «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География» жалпы білім беретін оқу пәндерін қолдайтын және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеуге ықпал ететін кіріктірілген «**Өлкетану**» оқу курсы енгізілді.

«**Өлкетану**» курсы оқу жүктемесінің көлемі 5,6,7 сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 5-сыныпта 4 сағат, 6-сыныпта 4 сағат, 7-сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде «Қазақстан тарихы» пәніне кіріктіріліп оқытылады. 7-сыныпқа арналған «География» оқу пәнінің «Физикалық география» бөліміне өлкетану бойынша екі тақырып енгізілген. «География» пәні аясында 2 сағат; 6-7 сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәнінің негізінде 2сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның психологиялық, рухани, физиологиялық, әлеуметтік және шығармашылық дамуының үйлесімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін «**Өзін-өзі тану**» пәні функционалды тұрғыдан маңызды пәндердің бірі болып табылады. Бұл пәнді оқыту «Адамның үйлесімді дамуы» институты (Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО) дайындаған, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарына арналған оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

**Қ.Жазықов атындағы орта мектебі** – білім алушылардың бейімділігімен қабілетіне сәйкес бағыттар бойынша кең ауқымда және білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім мекемесі.

**Мектептің түйінді мәселесі**- мұғалімнің педагогикалық шеберлігін дамыту арқылы жаңаша оқыту тәсілдерін пайдалана отырып заман талабына сай білім беру.

**Мектептің мақсаты** – Жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру, оқыту үрдісі мен басқарудағы жаңашыл әдіс-тәсілдің тиімділігін анықтау.

**Мектептің міндеті** – балалардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету; білім алушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай тудыру; бейін алды даярлықты жүзеге асыру үшін бейіндік пәндермен байланысты курстарды жоспарлауда білім алушылар мен олардың ата-аналарының сұранысын ескеру.

II сынып комплектісі жинақталып, онда 175 оқушының білім алуына негізделген. Мектепте сыныпмен бірге шағын орталыққа 13, мектепалды тобында 23 тәрбиеленуші тартылды.

Мектепте 41 педагогикалық мамандығы бар кадрлар жұмыс жасайды.

#### **Мектеп құрылымы:**

**бастауыш білім деңгейінде** (1-4 кластар) - Бастауыш білім беру теориялық ойлау элементтерімен, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзету арқылы тәртібі мен мәдениетін қалыптастырады.

**жалпы негізгі білім деңгейінде** (5-9 кластар) - негізгі мектептің негізгі және қосымша пәндерін меңгере отырып, өзін-өзі дамыту және түзету дағдысын қалыптастыру, өз бетінше бағдарлау және шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру арқылы білім алушы тұлғасын қалыптастыруға бағытталған.

**орта білім деңгейінде** (10-11 кластар) – бейін бойынша негізгі қосымша білім беру бағдарламасын меңгеру негізінде, саралап оқыту, мамандыққа баулуға арналған.

**Бастауыш білім деңгейінде** – апталық сағат саны 100,5 сағат – жыл бойы 3394,5 сағат

**Жалпы негізгі білім деңгейінде** – апталық сағат саны 178 сағат жыл бойы – 6052 сағат

**Орта білім деңгейінде** – апталық сағат саны 74 сағат жыл бойы – 2516 сағат.

Барлығы апталық сағат – 352,5 жыл бойы – 11962,5 сағат.

**Мектепалды даярлық сыныптарында** «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚРБҒМ 2020жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына сәйкес білім беру бағдарламасы үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды,оның ішінде 17 сағат-ұйымдастырылған оқу әрекетіне,3 сағат вариативті компонентке арнастырылған.

#### **Бастауыш деңгейі бойынша:**

*Тандауы бойынша сабақтары:*

2-сыныпта «**Көркем жазу**» 1 сағат. Мақсаты: оқушыларды қатесіз жазуға баулу, сауаттылыққа үйрету, өз ойларын қағаз бетіне түсіру кезіндегі жазу каллиграфиясын қалыптастыру.Сауатты жазуға баулу.

3-сыныпта «**көркем шығарма**» 1 сағат. Мақсаты: оқушылардың өз тілінде сауатты сөйлеп, елінің мәртебесін асқақтататын азамат болып өсуіне мүмкіндік беру.

4-сыныптарда «**Көркем жазу**» 1 сағат. Мақсаты: оқушылардың орфографиялық дағдыларын қалыптастыру және пунктуациялық ережелерді практикалық түрде меңгерту.

*Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:*

2-сыныпта «**Қызықты математика**» 1 сағат. Мақсаты: Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл – ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік дағдыларын игерту.

3-сыныпта «**Қызықты математика**» 1 сағат. Мақсаты: Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру арқылы пәндік білімдерін тереңдету, ақыл – ойын кеңейту, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, жүйелі түрде өздіктерінен табысты нәтижені білім алуға бағыттау.

4-сыныптарда «**Қызықты математика**» 1 сағат. Мақсаты: Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, логикалық ойлауды қалыптастыру.

#### **Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша:**

##### **Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар:**

5-сыныпта «**Парасаттылық және әдеп**» 1 сағат. Мақсаты: Оқушылардың әдеп мәдениетінің негізін қалау және концептуалды тұрақты, позитивті бағдарланған және белсенді өмірлік ұстанымды ұстанатын тұлғаның дамуына ықпал ету.

6-сыныпта «**Экология**» 1 сағат. Мақсаты: «мәңгілік Ел» ұлттық идеясының призмасы арқылы - зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға қажеттілігін қанағаттандыруда экологиялық тәрбие мен білім жүйесін қалыптастыру.

7-сыныпта «**Эмоционалды интеллект және сыни ойлау**» 1 сағат. Мақсаты: Білім алушылардың эмоционалдық интеллектісін қалыптастыру.

8-сыныпта **«Медиасауаттылық»** 1 сағат. Мақсаты: оқушылардың бойында коммуникация құралдарын қауіпсіз пайдалануға қажетті құзіреттерді қалыптастыру; өз көзқарасын білдіруге, жеке танымын қалыптастыруға, өмір бойы ізденуге, оқуға, жаңа білім алуға машықтануға көмектесу.

9-сыныпта **«Зайырлылық және дінтану негіздері»** 1 сағат. Мақсаты: білім алушыларды зайырлылық қағидатын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету; діни сенім бостандығы, әлемдік және дәстүрлі діндердің, жаңа діни қозғалыстардың тарихы мен қазіргі жай-күйі, теріс пиғылды діни ұйымдар мен тыйым салынған діни ұйымдар туралы жан-жақты білімін қалыптастыру; оқушыларды экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру.

*Элективті курс:*

5-сыныптарында **«Қызықты математика»** 1 сағат. Мақсаты: Математикалық білімге қызығушылығын арттыру, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру. Ойлау, тапқырлық, білімдарлық қабілеттерін дамыту.

6-сыныпта **«Домбыра»** 1 сағат. Мақсаты: Ұлттық аспабымыз - домбыраны тәрбие құралы ретінде пайдаланып, оқушыларды өнерсүйгіштікке баулу, отансүйгіш, ұлтжанды, жан – жақты дамыған жеке тұлға етіп тәрбиелеу. Ұлттық аспаптарымызды, оның ішінде домбыраны құрметтеуге үйрету, сол арқылы ұлттық салт – дәстүрлерімізді насихаттау.

7-сыныпта **«Физика ғажайыптары»** 1 сағат. Мақсаты: Физиканың даму тарихы мен ғалымдардың еңбектерімен танысу арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыру. Тәжірибе жасау барысында құралдармен жете танысып, танымдық қабілеттерін ерекшелеу.

8-сыныпта **«Қадыртану»** 1 сағат. Мақсаты: Заманының абыз ақыны атанған Қадыр Мырза Әли шығармашылығының әр қырымен оқушыларды кеңінен таныстыру. Ақынның туындыларын тандап, талғап оқыту арқылы оның шығармашылығын насихаттап, оны болашақта зерттеу, ізденіс жұмыстарына бағыттау.

9-биология **«Физика және экология»** 1 сағат. Мақсаты: Ғылыми білімнің іргелі негізін қамтып, физикалық зерделеу және тәжірибелік жұмыстар жүргізе білуге үйрете отырып, күнделікті тұрмыста қолдана білуін, физиканың өмірмен байланысын ашып көрсету, пәнаралық байланысты жүзеге асыру.

**Жоғары орта білім беру деңгейі бойынша:**

*10-класс бойынша:*

*Элективті курс:*

**«Абайтану»** 1 сағат. Мақсаты: Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты дамыту, елжанды, халқымыздың әдебиетін өнерін, салт дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, ұлттық сана сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

**«Теңдеулер және теңсіздіктерді шешу»** 1 сағат. Мақсаты: «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу» арқылы әлем құрамы бейнелерінің математикалық тұтастығының дамуы жөнінде білімдерін тереңдету және кеңейту.

**«Физика және әлем»** 1 сағат. Мақсаты: Оқушылардың қабілеттілігінен, қызығушылығынан және кәсіптік болашақ мамандық таңдауға бағыттау, оқушыға бағыт бағдар беру.

*11-класс бойынша:*

*Элективті курс:*

**«Математикалық анализ»** 1 сағат. Мақсаты: Практикалық қызметке пайдалануға, іргелес пәндерді оқып үйренуге, білім алуды жалғастыруға қажетті нақты математикалық білімді меңгеруді, математикалық идеялары мен әдістері туралы таным әдістері және нақты нәрсені танып білу мен сипаттау формасы ретіндегі математика жайлы түсініктерін қалыптастыру.

**«Функционалдық сауаттылық»** 1 сағат. Мақсаты: Тілдің қоғамдық маңызын, ана тілінің қадыр – қасиетін түсіне білу. Шығармашылық жұмыстардың орындалу техникасын меңгерту.

**«Тіршілік химиясы»** 2 сағат. Мақсаты: химияның мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушыларға кәсіптік бағдар беру.

Таңдау курсынан 10-11 сыныптарға білім алушыларға кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйрету, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім беру, қазіргі нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгерту үшін

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсына 1-1сағат апталық жүктеме берілді. Барлығы 2 оқу сағаты берілді.

Білім берудің жоғарғы сатысы бойынша бір-бір сыныптан барлығы 2 сынып (10,11кл.) бар. 10-11 сыныпқа жинақталған оқушылар қазіргі таңдағы еліміздегі мамандыққа деген сұранысқа сай, қызығушылығы мен бейіндеріне сәйкес жаратылыстану-математика бағытын таңдады.

Оқушылардың қажеттілігі мен ата-аналардың сұраныстарына сәйкес оқушылардың танымдық қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында бейіндік пәндерге қосымша сағаттар берілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
	1	2	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>						
<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>43</b>	<b>1452</b>
Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
Орыс тілі	2	2	2	2	8	270
Шетел тілі	2	2	2	2	8	270
<b>Математика және информатика</b>	<b>4,5</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>21,5</b>	<b>726,5</b>
Математика	4	4	5	5	18	608
Цифрлық сауаттылық	0,5		1	1	2,5	118,5
<b>Жаратылыстану</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>6</b>	<b>203</b>
Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
<b>Адам және қоғам</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>8</b>	<b>270</b>
Дүниетану	1	1	1	1	4	135
Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
<b>Технология және өнер</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>8</b>	<b>270</b>
Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
Музыка	1	1	1	1	4	135
<b>Дене шынықтыру</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>12</b>	<b>405</b>
Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>	<b>22,5</b>	<b>23</b>	<b>26</b>	<b>26</b>	<b>98,5</b>	<b>3326,5</b>
<b>Вариативтік компонент</b>						
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	-	1	1	1	3	102
Қызықты математика		1	1	1	3	
Вариативтік оқу жүктемесі	-	1	1	1	3	102
<b>Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті мәлемі</b>	<b>22,5</b>	<b>24</b>	<b>27</b>	<b>27</b>	<b>100,5</b>	<b>3428,5</b>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 1-қосымша  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша

Қызу қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>								
	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>55</b>	<b>1870</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	<b>Математика және информатика</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>30</b>	<b>1020</b>
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	<b>Жаратылыстану</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>27</b>	<b>918</b>
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	<b>Адам және қоғам</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>21</b>	<b>714</b>
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
	<b>Технология және өнер</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>9</b>	<b>306</b>
18	Музыка	1	1				2	68
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>15</b>	<b>510</b>
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>		<b>29</b>	<b>29</b>	<b>32</b>	<b>33</b>	<b>34</b>	<b>157</b>	<b>5338</b>
<b>Вариативтік компонент</b>								
Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар		1	1	1	1	1	5	170
«Парасаттылық және әдеп»		1					1	
«Экология»			1				1	
«Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»				1			1	
«Медиасауаттылық»					1		1	
«Дінтану»						1	1	
Элективті курстар		1	1	1	1	1	5	170
«Қызықты математика»		1					1	
«Домбыра»			1				1	
«Физика ғажайыптары»				1			1	
«Қадыртану»					1		1	
«Физика және экология»						1	1	
Жеке және топтық жұмыстар		-	-	-	-	-	-	-
<b>Вариативтік оқу жүктемесі</b>		<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>10</b>	<b>340</b>
<b>Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі</b>		<b>31</b>	<b>31</b>	<b>34</b>	<b>35</b>	<b>36</b>	<b>167</b>	<b>5678</b>



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 1-қосымша  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 100-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін  
жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат
		10	11	апталық	жылдық
<b>Инвариантний компонент</b>					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
16	Дене шынықтыру	3	3	6	204
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>		<b>33</b>	<b>33</b>	<b>66</b>	<b>2244</b>
<b>Вариативтік компонент</b>					
Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері)		1	1	2	68
Элективті курстар		3	3	6	204
Абайтану		1		1	
Физика және әлем		1		1	
Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу		1		1	
Математикалық анализ			1	1	
Функционалдық сауаттылық			1	1	
Тіршілік химиясы			1	1	
Вариативтік оқу жүктемесі		4	4	8	272
<b>Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі</b>		<b>37</b>	<b>37</b>	<b>74</b>	<b>2516</b>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына 1-қосымша;  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**

№	Білім беру салалары	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Апталық	Жалпы сағат саны	Жылдық сағат саны
1.	"Денсаулық"	Дене шынықтыру	2,5	3	80
		Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5		26
2.	"Қатынас"	Сөйлеуді дамыту	1	5	32
		Көркем әдебиет	1		32
		Сауат ашу негіздері	2		64
		Орыс тілі	1		32
3.	"Таным"	Математика негіздері	1	2,5	32
		Құрастыру	0,5		16
		Жаратылыстану	1		32
4.	"Шығармашылық"	Сурет салу	1	5	32
		Мүсіндеу	1		32
		Жапсыру	1		32
		Музыка	2		64
5.	"Әлеумет"	Өзін-өзі тану	1	1,5	32
		Қоршаған ортамен танысу	0,5		16
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы				25-30 мин	
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі				17	544
<b>Вариативтік компонент*</b>					
1	Логика		1	3	96
2	Әріптер патшалығы		1		
3	Ертегілер елінде		1		
<b>Барлығы</b>				<b>20</b>	<b>640</b>

№	Имя	Фамилия	Отчество	Дата рождения	Место рождения	Образование	Служба	Звание	Стаж	Примечание
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
8										
9										
10										
11										
12										
13										
14										
15										
16										
17										
18										
19										
20										
21										
22										
23										
24										
25										
26										
27										
28										
29										
30										
31										
32										
33										
34										
35										
36										
37										
38										
39										
40										
41										
42										
43										
44										
45										
46										
47										
48										
49										
50										


  
 Усынысқа  
 Аманжол Тоқсан